

ДӘЙКЕСӨЗ

Батыр КОТЫРЕВ,
«КТЖ» ҰК» АҚ БАС ИНЖЕНЕРІ:

«**БІЗ ЕЛДЕ-ГІ ЕҢ ҮЛКЕН ТАРМАҚТАЛҒАН ҰЙЫМ ЖӘНЕ ЕҢ ІРІ ЖҰМЫС БЕРУШІ КОМПАНИЯМЫЗ. СОНДЫҚТАН COVID-19 ПРОФИЛАКТИКАСЫ БІЗ ҮШІН КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ БІРІН-ШІ МӘСЕЛЕ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ, ОНЫМЕН ТӘУЛІК БОЙЫНА АЙНАЛЫСАМЫЗ**»

АҚПАРАТ

КӨШКІН ҚАУПІН СЕЙІЛТТІ

Сәуір туғанмен қыстай жауған қалың қар барлық жерде ери қойған жоқ. Демек, көшкін қаупі бар деген сөз. Бұл әсіресе, көктем кеш келетін солтүстік пен шығыс өңіріне тән.

Осыған орай, «КТЖ» ҰК» АҚ – Магистралдық желі дирекциясы темір жолдың көшкін болуы мүмкін учаскелерінде жарылыстар жүргізіп, көшкін қаупін сейілтуде. Атап айтқанда Шығыс Қазақстан облысында көшкіндер мен тастардың құлауының алдын алуға бағытталған бірқатар іс-шаралар орын алды.

Семей магистралдық желі дирекциясының шығыс өңірі бойынша директорының орынбасары Әлібек Шумановтың мәлімдеуінше, Серебрянск және Защита жол дистанцияларында су тасқынына қарсы пойыздар жасақталған. Бүгінгі таңда қар 70% дейін еріген, ал өзенкөлдерде, әсіресе Бұқтармадағы су деңгейінің көтерілуі тау бөктерінде қар ери бастайтын мамыр айында орын алады деп күтілуде. Су тасқыны жағдайына тұрақты бақылау ұйымдастырылған. Көшкін қаупі бар учаскелерден қар түсіру үшін қажетті жарылыс жұмыстары жүргізіліп, жасанды құрылыстар қар мен мұздан тазартылуда. Жұмыс бригадасы құрамына кәсіби альпинистер де кіріп отырғанын атап өту керек.

Жалпы алғанда, өткен жылдар тәжірибесі еліміздің барлық өңірінен 673 қауіпті орындарды айқындап берді. Бүгінде белгіленген қауіпті орындарға тәулікбойғы кезекшілік, қосымша шолулар мен барлаулар ұйымдастырылған.

Магистралдық желі дирекциясының мәліметінше, бүгінгі таңда қажетті материалдармен жарақтандырылған 42 тасқынға қарсы пойыз жасақталған.

Жібек МЕДЕТҚЫЗЫ

БҮГІНГІ САН

БИЛҒЫ ЖЫЛДЫҢ 1-ШІ ТОҚСАНЫНДА «КТЖ» ҰК» АҚ ЖЕЛІСІ БОЙЫНША

60 млн тонна

ЖҮК ТИЕЛГЕН

2020-ЕРІКТІЛЕР ЖЫЛЫ

КҮШ БІРІКТІРЕТІН КҮН ТУДЫ

Шымкент темір жолының жастары еріктілер жылы басталғалы талай игі істерге мұрындық болды. Ал қазіргі таңда бүкіл әлемді дүрбелеңге салған коронавирус пандемиясы шыққалы жастар белсенділігі екі есе артып отыр.

Жансая СЫДЫҚБАЙ,
Шымкент

Себебі, шын мәнінде қайрат қылар, күш біріктіретін күн енді туды деп санайды олар. Шымкент бөлімшесінің жастар ісі жөніндегі кеңесінің аймақтық өкілі Ердіс Әлішер бастаған еріктілер тобының қатары соңғы айда бірнеше есеге өсіпті. Теміржолшы-жастар осы аптада қала әкімшілігінің қолдауымен 4 бірдей мөлтек ауданда 20 мың

ТРАНЗИТ



АЛТЫНКОЛЬ: НАЦЕЛЕННОСТЬ НА РЕКОРДЫ

Станция Алтынколь создавалась и развивалась с постоянной нацеленностью на рекорды. Первый миллион, первый длинносоставный – сколько их было за 7 лет деятельности нового погранперехода между РК и КНР! Вот и сегодня коллектив железнодорожного узла можно поздравить с очередной победой.

Ирина БЕКТИЯРОВА,
Алтынколь

За сутки 3 апреля принято 16 поездов по узкой колее и направлено через Казахстан транзитом в Центральную Азию, Россию и Европу.

– Понимаем, насколько важно в нынешней обстановке сделать это достаточно оперативно и качественно. Мы с этим справляемся. Наша станция рассчитана на пропуск 20 поездов в сутки. Уверенно наращиваем грузопоток и обеспечиваем перерабатывающие мощности пограничного железнодорожного узла, – подчеркнул начальник станции Алтынколь Адлет Айтбек.

Грузопоток через погранпереход Алтынколь – Хоргос начал значительно наращиваться в

прошлом году, увеличивается пропуск поездов, растут объемы перевозок. И даже февральский спад не особенно повлиял на показатели за первый квартал работы станции.

В марте 2020 года пропущено 164 поезда, хотя за аналогичный период прошлого года было всего 59. При этом в январе этого года их было 188, в феврале всего 65. В марте 84 поезда проследовали в Узбекистан, 62 – в Польшу, 11 – в Германию, 5 – по линии РЖД, по одному в Турцию и Азербайджан.

– Всего за первый квартал мы пропустили 417 поездов (41194 ДФЭ), – подчеркивает ДС станции. Железнодорожники казахстанского и китайского узлов совершенствуют технологии и отрабатывают новые подходы к работе. На станции Алтынколь задействованы все произ-

водственные мощности – ТОО «KTZE-Khorgos Gateway», АО «Кедентранссервис», ТОО «Евро-транзит-КТС».

– Алтынколь работает в штатном режиме, полностью соблюдаются все требования противоэпидемической безопасности, – напомнил начальник производственного отдела Асхат Сулеев.

Увеличен на 10,4% объем перегруза вагонов с начала 2020 года. При этом идет рост перегруза на станции Алтынколь вагонов с грузами в контейнерах, в крытых вагонах и на открытом подвижном составе из КНР.

В ближайшее время прогнозируется дальнейший рост. На Алтынколе это всех радует, коллектив работает слаженно и эффективно.

Фото Елены КОЛДАСБАЕВОЙ

ҮНЕМ САЯСАТЫ

ОТЫН-ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ РЕСУРСТАР ШЫҒЫНЫН АЗАЙТАДЫ

«КТЖ-Жүк тасымалы» АҚ 2019 жылы локомотивтердегі отын және электроэнергетикалық шығындарды қысқарту бойынша энергожинақтаушы шараларды енгізу нәтижесінде 12 млрд теңгеден астам үнемге қол жеткізді.

Сұлғұл БАКЕСОВА

Мәселен, 2018 жылы 16, 8 мың тонна дизель отыны үнемделді, бұл ақшалай сипатта 3,5 млрд теңгені құрады. Үлестік шығын бойынша көрсеткіш 0,5 кг / 10 мың т.км-бруттоға жақсарды.

– Локомотив шаруашылығы электрэнергиясы мен дизельдік отынды ең ірі тұтынушы сала. Энергоресурстарына кететін шығындар – бұл локомотив тартымына қызмет көрсету барысында «КТЖ-Жүк тасымалы» АҚ-ның бюджет шығынының басым бөлігін құрайды. Энергоресурстарының

бағасы жоғары болып отырған қазіргі жағдайда, оларды үнемдеу біз үшін басымдыққа ие шара болып қалады, – дейді бұл туралы «КТЖ-Жүк тасымалы» АҚ бас директоры Қайрат Сәуірбаев.

Пойыздар тартымына жұмсалатын отын-энергетикалық ресурстар шығынының есебін «Энергодиспетчерлік тартым» автоматтандырылған басқару жүйесі (АСУ ЭДТ) жүргізеді. Ол «КТЖ ҰК» АҚ энергиянықату бойынша ірі жобалар қатарына кіреді. АСУ ЭДТ шеңберінде локомотив паркі нақтылығы жоғары бақылау-өлшеу аспабымен

жарақтандырылған. Аспаптардың көрсеткіштері GPRS байланыс каналдары арқылы орталық серверге беріліп отырады. «КТЖ-Жүк тасымалы» АҚ орталық аппараты мен филиалдарының құзырлы қызметкерлері АСУ ЭДТ-мен жарақтандырылған әрбір локомотивтің деректері мен параметрлеріне онлайн қолжетімді бола отырып, локомотивтегі отын шығынын бақылай алады.

Жүйе дизель отынын мақсатсыз жоюға мүмкіндік бермейді. Үнемдеудің тағы бір маңызды факторы ретінде, локомотивтерге экипировка жасау барысында дизель отынының шығынын азайту бойынша қабылданған шараларды атауға болады. Бұл жұмыс 2018 жылға қарағанда АСУ ЭДТ және ТЭК-тің отын-тарату бағандары көрсеткіштері арасындағы сәйкессіздік деңгейін 6,8%-тен 1,04%-ке дейін және дизель отынының шығынын 35 мың тоннаға дейін төмендетуге мүмкіндік берді. Ақшалай сипатта үнем 6,4 млрд теңгеден астам қаржыны құрап отыр. Сонымен қатар 2019 жылы отынды сақтау бойынша шығындарда 2,5 млрд теңге шамасында қаржы үнемделді.

Энергия тиімділігін арттырудағы позитивті фактор ретінде машинистер мен олардың көмекшілерінің отынды үнемдегені үшін марапатталуын айтар едік. Осы жылдың екі айында дизель отынын үнемдеу нәтижесіне қол жеткізген локомотив бригадаларына 113 млн теңге көлеміндегі сыйақы төленген. Билығы жылы алда тұрған міндет – пойыздар тартымына кететін отын-энергетикалық ресурстардың үлестік шығынын бір проценттен кем емес көрсеткішке дейін төмендету болып табылады.

НОВОСТИ

ИНФОРМАЦИОННАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ

В группе компаний АО «КТЖ» реализуется проект «Внедрение новой модели информационной безопасности», инициированный в рамках создания киберцита группы фонда АО «Самрук-Қазына».

Проект соответствует концепции кибербезопасности и направлен на создание высокоадаптивной и эффективной системы управления и обеспечения информационной безопасности.

На сегодняшний день обеспечена автоматическая передача информации об инцидентах в национальный координационный центр информационной безопасности при Республиканском государственном предприятии «Государственная техническая служба» Комитета национальной безопасности Республики Казахстан в соответствии с требованиями законодательства.

Обеспечена работа двух круглосуточных дежурных смен по регистрации инцидентов информационной безопасности в автоматизированной системе для пяти компаний, вошедших в периметр проекта. В результате достигнуты положительные изменения, среди которых сокращение времени на обработку и реагирование на инциденты информационной безопасности.

Также разработаны и актуализированы внутренние документы по системе информационной безопасности компании.

На очереди – меры по улучшению процессов управления сетевой безопасностью, идентификации основных ИТ-активов, управлению жизненным циклом безопасного внедрения и администрирования ИТ-активов.

Полное завершение проекта согласно Дорожной карте цифровой трансформации планируется в декабре 2021 года.

Асель ШАЙХЫНОВА

ИЗ СКАНДИНАВИИ В КИТАЙ – ЗА 15 ДНЕЙ

Новый мультимодальный сервис АО «ОТЛК – ЕРА» соединит Китай и Скандинавию. За счет существенного упрощения логистики сроки доставки по этому маршруту сократятся до 15 дней. Груз проследует в контейнерах транзитом через Казахстан с применением единой накладной ЦИМ/СМГС.

Грузовые составы будут отправляться еженедельно, формируя пары поездов на встречных направлениях. Ранее грузоотправители из стран Скандинавии вынуждены были консолидировать грузы на крупных европейских терминалах, таких как Гамбург или Дуйсбург, для дальнейшей отправки по суше. Благодаря договоренности Объединенной транспортно-логистической компании – Евразийский железнодорожный альянс с портом Мукран на острове Рюген (Германия), Калининградской железной дорогой и портом Балтийск сегодня такая необходимость отпала.

С запуском нового регулярного контейнерного сервиса из Скандинавии в Китай и обратно груз будет прибывать судном в порт Мукран для дальнейшего оформления и отправки в мультимодальном сообщении через порт Балтийск и далее по территории Литвы, Беларуси, России и Казахстана до грузополучателя в Китае составит порядка 15 дней против 60 дней по морю.

– Возможность выбора новых логистических решений и направлений, которую мы предоставляем европейским грузоотправителям и грузополучателям, особенно важна на сегодняшний день. Выгодное географическое положение порта Мукран позволяет существенно сократить сроки доставки груза из Скандинавии в Китай, исключая необходимость перемещения груза для консолидации в сердце Европы, что особенно актуально на фоне временных ограничений работы терминалов в связи со вспышкой коронавируса, – отметил генеральный директор ОТЛК ЕРА Алексей Гром. – Уверен, это направление будет перспективным и повлечет существенный прирост объемов перевозимых по железной дороге грузов.

Роман ЛЮБИМОВ



таратса, ерікті жастардың екінші тобы Шымкент станциясында еңбек ететін жалғызбасты ана Әлия Қалтаеваға көмектесіпті. Жеті баланың анасына азық-түлікпен қатар вирустың алдын алатын құралдар жеткізіп берген.

Суретті түсірген автор

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЕРТЕ ҚАМДАНДЫ



Ақтөбе жол станциясы ел басына төнген індеттен қорғайтын санитарлық-гигиеналық заттармен қамтамасыз етуді бір ай бұрын қолға алған.

Жолшылар ұжымының ерте қамданғанының арқасында 21 наурыздан бастап белизна, антисептик, сабын секілді гигиеналық заттарды барлық мекемеге толық таратып үлгерген. 6 сәуір күні Ақтөбе қаласы карантинге жабылған сәттен бастап, санитарлық заттар қосымша тағы да таратылды. Жіңішке, Ақтөбе, Тамды, Бестамақ, Алға аумағында жүрген жолшылардың барлығы қорғаныш құралдарымен қамтылды.

– Бұл – біздің еліміздің ғана емес, бүкіл әлемнің басына түскен сынақ. Осындай жағдайда дертпен күресті әр адам жеке басынан бастауға тиіс. Осы тұста бір-бірімізге қол ұшын бергеннің орнына, қажетті заттардың бағасын көтеріп, бетперделерді қымбатқа сатып жатқан алыпсатарлар жоқ емес. Сол үшін де кәсіподақ қорынан қызметкерлеріміз қала кезіп қиналмасын деген оймен ательеге көп киюге жарамды бетперде тіктірдік. Барлығы 720 бетпердеге тапсырыс берілді. Әр жұмысшыға 2 данадан таратылды, – дейді Ақтөбе жол станциясының кәсіподақ төрағасы Елжан Жұмабаев.

Жол станциясының қызметкерлері науқастанып қалған әріптестеріне де қолдау жасап, отбасының жалғыз асыраушысы ауруханада жатқанда оның шеттей бала-шағасына азық-түлік жеткізді.

–38 разьездегі бір жолшымыз асқазаны ауырып, қаладағы ауруханада жатыр. Оның отбасына біршамаға жететін азық апарып бердік, – дейді Елжан Жұмабаев.

Ардақ ЕРҮБАЕВА, Ақтөбе
Суретті түсірген автор

НӘТИЖЕСІЗ ЕМЕС

Бейнеу станциясында жаю жүргіншілер мен автокөліктер жүруге, тіпті мал айдап өтуге де арналған өткелдер бар. Бірақ соған қарамастан жергілікті халықтың теміржолды кез-келген жерден кесіп өтуіне тыйым болмай отыр.

Бейнеу станциясының қозғалыс қауіпсіздігі инженері Ғалым Қанатовтың айтуынша «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ-ның ағымдағы жылдың бірінші тоқсанына жүргізілген сараптамасы бойынша теміржолдың магистральдық желісінде 7 рет адам басып кету фактісі тіркелген. Ал Маңғыстау бөлімшесінде осы уақыт ішінде 59 рет шұғыл тежегішті пайдалану жағдайы тіркелген. Оның үшеуінде мал басыла, екеуінде пойыз бен автокөлік соқтығысқан. Бірі Өзен станциясындағы «Зинулин» ЖК кірме жолындағы күзетілмейтін өткелде, екіншісі «Р» бекеті мен Боржақты бекеті аралығында автокөліктің теміржолға шығып кетуінен болған жол-көлік апаты. Аталған деректердің барлығы да тұрғындардың теміржол бойында қауіпсіздік шараларын сақтамауынан орын алған. Сол себепті Маңғыстау бөлімшесі бойынша әрбір станцияда желілік полиция қызметкерлерімен бірге тұрғындармен кездесіп, түсінік жұмыстарын жүргізу тоқтаған емес.

Қозғалыс қауіпсіздігі инженерінің айтуынша, ең үлкен жетістік, тұрақты жүргізілген профилактикалық шаралар нәтижесіз емес, жыл басынан бері Бейнеудің басында немесе онымен көршілес бекеттердің аралығында адам басу оқиғасы орын алмаған.

Шахидә ЖҰМАН, Маңғыстау

МАНКЕНТЕ ЖҰМЫС ТОҚТАҒАН ЖОҚ

Сайрам ауданы – Шымкент іргесіндегі халық тығыз орналасқан елді мекен. Ал Манкент станциясы аталған ауданның қақ ортасын кесіп өтеді. Жыл басынан бері тарам-тарам теміржолдар арқылы тиеліп-түсіріліп жатқан жүк құрамдары бұл күнде сыябырсыған.

Бірақ тоқтаған жоқ. Станциядан қаңтар айында 11 мың тоннаға жуық жүк артыла, ақпан айында 8 мың тонна, наурыз айында 13 мың тонна жүк тиелді. Көріп отырғанымыздай, карантин уақыты басталған наурыз айында Манкент станциясының күнделікті жұмысы жоспарға сай атқарылып, тіпті артық жүк тиелген.

Наурыз айында Манкент бойынша 187 вагон бидай, 8 вагон ұн, 233 вагон бензин, 52 вагон сусын, 31 вагон цемент, 120 вагон газ, 5 вагон кондитерлік өнім, 27 вагон көмір, 3 вагон битум, 111 вагон дизельдік жанар-жағармай, 15 вагон автомобиль, 1 вагон селитра, 3 вагон тыңайтқыш, құрғақ қоспалар 3, 5 вагон су, барлығы 1023 вагон жүк тиеліп, жан-жаққа жөнелтілген.

Дегенмен, сәуір айында ұн, бидай, жарма өнімдерінің экспортына үкіметтің тапсырмасына орай шектеу енгізіліп отырғаны белгілі.

– Өзіңіз білесіз, қазір елімізде коронавирусы індеті шыққалы тазалық пен сақтық шараларын күшейттік. Біздің Сайрам ауданынан 2 адам осы індетпен тіркелді. Сондықтан, аудан халқы барынша сақ болуымыз қажет. Себебі, адам өмірі мен денсаулығынан қымбат ештеңе жоқ. Бұл індетпен ел болып жабыла күресек қана жеңеміз. Ұжымдағы 26 қызметкер де күнделікті өзіне жүктелген міндеттерін талапқа сай аса сақтықпен атқарады. Алайда, қашықтан жұмыс істеуге ешқайсысы жіберілген жоқ. Барлық қызметкерлеріміз өз жұмыс орнында. Қазіргі кезде 4 жұмысшы еңбек демалысында. Коронавирус індетінің шығуына байланысты барлық техникалық оқу-жаттығулар кейінге қалдырылды, - деді станция басшысы Алимхан Исханов.

Манкент станциясында әр жұма сайын дезинфекция жасалады. Кіреберіске орнатылған антисанитайзер мен басқа да тазалыққа кепіл болатын қолғаптар, антисептиктер алынған. Жұмыста маскалық режим тәртібі қатаң орнатылған. Теміржол үшін қауіпсіздік басты орын. Осыған орай, ұдайы өткізіліп тұратын техникалық сабақтарға станциялықтар бұрығыдай жиналмай, әркім өз бетінше, үйлерінде оқып жатыр екен.

Жан ПЕРДЕБЕК, Түркістан

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ ТҮГЕЛ ҚАМТЫЛУДА

«ҚТЖ» Жүк тасымалы» АҚ филиалы – Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесінде әлем елдерін жайлаған пандемияға байланысты іргелі шаралар қолға алынууда. Жолаушылар тасымалы 4 сәуір күні тоқтағанымен, жүк тасымалы жүйелі жүріп жатыр.

Асхат РАЙҚҰЛ,
Жамбыл

Бірақ, мамандардың айтуынша, экспорттық импорттық тауар тасымалына шектеулер қойылған. Бұл ең алдымен әрине, азық-түлік тауарларына ел ішіндегі қажеттілікке орай қабылданған шаралар екені даусыз.

– Жақында еліміздің Ауыл шаруа-

шылығы министрінің арнайы қаулысы негізінде агроөнімдердің біршама тізіміне шектеулер қойылып, экспорттауға тыйым салынғаны белгілі. Алайда, бұл ахуал біздің бөлімшеміздің жүк тасымалы көрсеткіштеріне аса әсер ете қойған жоқ. Өйткені, әлгі тізімдегі бидай, күріш, жарма секілді өнімдер біздің аймақтан өзге өңірлерге

жөнелтілмейді, – дейді бөлімше басшысының бірінші орынбасары міндетін атқарушы Дүйсенбек Сыдықов.

Сарапшылардың айтуынша, төтенше жағдай осылай жалғаса беретін болса, көп ұзамай Орта Азия, Қытай елдеріне де, тіпті мемлекет аумағына да кез-келген тауар экспортына шектеулер енгізілуі мүмкін көрінеді.

Қазіргі таңда Жамбыл теміржол бөлімшесі ұжымының 70 пайызға жуығы басшылықтан арнайы бұйрығы негізінде қашықтықтан жұмыс істеу режиміне көшірілген. Дүйсенбек Сыдықов алдағы уақытта қызметкерлердің онлайн жүйемен жұмыс істеуге ауыстырылуы алдағы уақытта бұдан да көбеюі мүмкін екенін жоққа шығармайды.

– Ахуалдың қалай өрбитінінен барлығымыз бейхабармыз ғой. Алай-

да, індеттен сақтанудың барлық шаралары жасалып жатыр. Мәселен, біз бастауыш кәсіподақ ұйымы арқылы 3 мыңға жуық медициналық маскалар алып, теміржолшыларға таратып бердік. Бұдан бөлек, антисептик бұйымдары да молынан алынып, тиісті орындарға қойылды. Күні кеше ғана Нұр-Сұлтан қаласындағы «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-нан 4500 қорғаныш бетперде, 400 литрдей антисептик келді. Бұларды мекемелерге рет-ретімен таратып отыратын боламыз, - дейді бөлімшенің жауапты өкілі.

Дүйсенбек Сыдықовтың айтуынша, әзірге қашықтықтан жұмыс істейтін қызметкерлердің айлық жалақысында ешқандай өзгертулер, қандай да бір қысқартулар болмаған.

ТАСЫМАЛ

ТОҚСАНДЫ ТАБЫСТЫ ҚОРТЫНДЫЛАДЫ

Әлемді үрейлендірген қауіпті вирустың ушығып кетуіне және елдегі төтенше жағдайға қарамастан Атырау жүк тасымалы бөлімшесі үшін биылғы жылдың алғашқы тоқсаны табыссыз болған жоқ, жоспар тиімді орындалып отыр.

Қосым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Өткен үш айда техникалық жоспарға сай негізгі 13 көрсеткіш 100 пайыздан аса орындалған. Яғни, пайдаланым жүк айналымы 2426,5 млн.т-км.нетто болып, 105,1 %-ды құрады. Жүк тиеу көлемі 2739,5 мың тонна болып, орындалуы -101,5 пайызды көрсетті. Пайдаланым жүк айналымымен қоса, жұмыс вагонының айналымы 101,5, жергілікті вагон айналымы 101,2, ал жүк вагонының өнімділігі 100,4%, тиелген вагонның динамикалық салмағы 101,4, вагонның орташа түеліктік жүрісі 99,9%, вагонның статистикалық салмағы 101,8%, жүк пойызының орташа салмағы 4019 тоннабрутто, яғни 101,4 % көрсетіп, аймақта жүк тасымалы көлемінің үш айда төп-тәуір арқанын байқатты.

Локомотив жүрісі 100,1%, пойыздың ұсаскелік жылдамдығы 100,2%, пойыздар қозғалысының техникалық жылдамдығы 100,4%, вагонның бір жүк операциясына тұруы 101% болып орындалды. Аталған он үш көрсеткішке қарап, өңірде тасымал тапқыны

ойдағыдай екенін байқауға болады.

Ал енді Директорлар кеңесі жоспары бойынша қарасақ, пайдаланым жүк айналымы 2426,5 млн.т-км.нетто болып, 99,9 %-ды құрады. Жүк тиеу көлемі 2739,5 мың тонна болып, орындалуы 106,8 пайыз болды, жүк вагондарының айналымы 100%, пойыздың орташа салмағы 102,1%, сол секілді негізгі басқа көрсеткіштер де жоғары деуге негіз бар. СД бойынша 11 пайдаланым көрсеткіші орындалған. Межеге жетпей қалғаны – төрт көрсеткіш.

Атырау жүк тасымалы бөлімшесінің техникалық бөлім бастығы Темірхан Аманқұловтың айтуынша, жылдың бастапқы екі айында пайдаланым жүк айналымы жүз пайызға орындалған, тек наурыз айында жүк вагондарының азаюынан (тәулігіне 60 вагон) жүк вагондарының жүрісі кеміген. Жүк вагондарының айналымы бөлімшенің ішкі және сыртқы торабында бос вагондардың көбеюінен болған.

СД бойынша вагондардың орташа түеліктік жүрісінің азаюы жүк және бос вагондардың қысқаруынан, сонымен қатар Құлсары, Қиғаш тораптары бойынша бос жартылай вагондардың,



цистерналардың, астықтиегіштер мен жергілікті вагондардың көбеюінен орын алған. Пойыздар қозғалысының орташа ұсаскелік және техникалық жылдамдығының кемуіне кейбір ұсаскелерде жылдамдықты шектеуге ескерту берілгендігінен болған. Оған шпалдың ақаулығы, Сағыз түйіспесі бойынша пойыздардың көбіейіп кетуі (тәулігіне 13 пойыз орнына 14 пойыздан, ал кей күндері 19 пойыздан келген) себеп болып, аралық станцияларда пойыздардың тұрып қалуына алып келді. Жылдамдықтың кемуіне

ауа-райының қолайсыздығы да әсер етіп, облыста желдің күшеюі секундына 15-22 метрге жетті.

Мақат, Атырау, Іқұлсары, Махамбет, Сағыз, Ақжайық, Қарабатан станцияларында жүк операциясына келген вагондардың тұрып қалуы, жиналуын күту, локомотивтерді жылдау жұмыстары да ұсаскелік жалдымдықтың төмендеуіне әсер еткен. Алайда, жалпы алғанда өңірде жүк айналымының қарқыны алғашқы тоқсанда көңіл тоғайтарлық болған.

Суретті түсірген автор

ШОҚПАРДЫҢ БЕРЕКЕСІ – ШЕБІНТАС

Жамбыл темір жолының Шу-Отар тегімінде орналасқан Шоқпар станциясы күрежолдың бойында жатқандықтан ары-бері қатынап жатқан жүк пойызды да, жолаушылар пойызды да көп. Тек бүгінгі жағдайға байланысты теміржол бойындағы қозғалыс күрт азайған.

Жолаушы тасымалы жоқтың қасы. Бірақ ара-тұра жүк тиелген құрамдар өтіп жатыр. Станциялықтар барынша сақтық шараларын сақтап жұмыс істеуде. Мыңнан асатын тұрғыны бар Шоқпар ауылында теміржолдан нәпақасын айырып жүргендер аз емес.

Шоқпар десе, білетіндердің есіне алдымен осы жерден өндірілетін қиыршық тас түсетіні анық, «Қазақстан темір жолы» салып бастаған кез келген теміржол құрылысына қиыршық тас осы



Шоқпардан тасымалданады. Станция бастығы Арман Есдәулетовтің айтуынша шебінтастың жөнелтілімі жыл он екі толастамайды екен. Мәселен, дәл қазіргі кезде де жан-жаққа екі күнде елу вагон жөнелтеді.

– Шоқпардың берекесі де байлығы да «ШоқпарТасАт» кәсіпорны өндіретін осы шебінтас десе қателеспеймін. Бұл кәсіпорын жүздеген адамды жұмыспен қамтып отыр. Ал станцияда 162 адам жұмыс

істейді. Олардың ішінде тек станциялықтар емес, жолшылар, вагон шаруашылығы, қауіпсіздік және дабыл, байланыс пен электрмен жабдықтау саласының мамандары да бар, – дейді Арман Қырықбайұлы.

Шоқпардан өндірілген тас қазіргі кезде Аттыкөл, Жамбыл бөлімшесі аумағындағы теміржол құрылысына жөнелтіліп жатыр екен.

– Біз әлем елдерін жаулап жатқан коронавирус індетіне байланысты барынша сақтық шараларын қолға алдық. Жұмыс барысында үш адамнан артық топтаспаймыз. Жұмысшылардың барлығын тегін қорғаныш маскаларын, қолғаптарын таратып бергенбіз. Әр бұрышқа антисептик секілді медициналық бұйымдарды да қойып қойдық, – дейді А.Есдәулетов.

Станция басшысы жұқпалы инфекцияның салдарынан жолаушылар пойыздарында шектеу болғанымен, жүк тасымалында кедергі жоқтығын айтады.

Асхат РАЙҚҰЛ, Жамбыл облысы
Суретті түсірген автор

СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

ЖЕТІСТІК ТЕ, КЕМШІЛІК ТЕ БАР

Әлемге дүрбелең салған лаң елімізді айналып өтпеді. Қазір коронавирусы індетімен қазақстандықтар да барынша күресуде. Жолаушы пойыздары қаңтарылып, қатынас тоқтаған. Бірақ, жүк тасымалдаушы жылжымалы құрамдардың жұмысына тоқтау салынған жоқ.

Сұлутұл БАКЕСОВА

Жүк шаруашылығымен тікелей байланыстағы станциялар мен ондағы теміржолшылардың толассыз жұмыс үдерісін Балқаш станциясы алға тартқан мәліметтерден айқын аңғаруға болады.

Үстіміздегі жылдың үш айында Балқаш станциясынан 4368 вагонға 273 669 тонна жүк тиеліп, статистикалық жүктеме 62,65 бірлікке орындалған. Станциялықтар вагондарға шаққандағы жүк тиелімінің жоспарын 2697 вагонға артық орындап, межені 267 %-ке, ал өткен жыл көрсеткішінен 23%-ке асыра орындап отыр. Тоннаға шаққандағы тиелім

тапсырмасы да 173613 тоннаға немесе 273%-ке орындалып, бытырғы жоспардан 23%-ке асып жығылған. Сәйкесінше, статистикалық жүктемені де жоспар үдесінен 5%-ке, ал өткен жылдан 1%-ке артық шыққанын көреміз.

Алайда, жүк түсіруде мұндай жетістік жоқ. Жоспар көрсеткіші кері кеткен, әу баста межеленген тапсырма 1920 вагонға орындалмаған. Оның себебін мамандар станцияға жүк келуі азайып кеткенімен түсіндіріп отыр.

Вагондардың жұмыссыз тоқтап тұруына келсек, жергілікті вагонның жүк операциясына берілгенге дейін кідіріс уақыты 3,83 сағат болса, нақтысында ол 3,09 сағатты құраған.

Ал жүк операциясы кезінде тоқтап тұру уақыты 15,74 сағатқа шамаланса, шын мәнінде ол 9,52 сағатты құраған. Бұдан кейін жөнелуді күтуге 8,29 сағат бөлінсе, ол нақтысында 7,49 сағатты құраған. Сөйтіп, станция ұжымының қозғалыс жұмысын ұтымды ұйымдастыруының нәтижесінде 7,76 сағатты үнемдеуге қол жеткізілген. Бір жүк операциясы кезінде вагонның тоқтап тұруы 8,20 сағатқа қысқартылып, жоспар 142 %-ке орындалған. Өңдеуді қажетсінібеген транзиттік вагондардың кідірісінде 0,27 сағат үнемделсе, өңдеуден өткен транзиттік вагондардың тоқтап тұруы барысында да 0,9 сағатты үнемдеуге қол жеткізілген. Вагоннайыншына келсек, 2177 вагон айналымы жоспарды 114%-ке орындауға мүмкіндік берген.

–Ай сайын бекітілген жоспарға сәйкес Балқаш-1 станциясында пойыздар қозғалысымен байланысты қызметкерлерге 4 топ бойынша екі-екіден техникалық сабақ өтетін. Осы жолы, наурыз айында жоспардан 8 сабақтың орнына 4 сабақ өтті. Елдегі төтенше жағдайға байланысты техникалық сабақтар онлайн режимі-

де өтті және дистанциялық оқуға ауыстырылды. Техникалық сабаққа қатысушылардың қамтылуы 100 %-ды құрайды. Біздің станцияда да коронавирус індетінің таралуын болдырмау, алдын алу бағытында тиісті шаралар қабылданды. Елімізде төтенше жағдайдың жариялануына байланысты 54 жастан асқан қызметкерлер қашықтықтан жұмыс істеу режиміне көшірілді. Ал тікелей пойыздар қозғалысымен байланысты жұмыс істейтін теміржолшылар бұрынғыдай еңбек тәртібімен жұмыс істеуде. Олардың барлығы бетпердемен, резеңке қолғаптармен қамтамасыз етілген. Антисептиктер орнатылған. Сақтық шараларын сақтау қатаң бақылауға алынған. Медицина қызметкерлері де әдеттегідей жұмыстарын атқарып, қызметкерлерді ауысырма түсер алдында және жұмыстан шыққанда тексеруден өткізіп, барлық қауіпсіздік шараларын жасауда. Десек те, әрбір адам оның денсаулығы өз қолында екенін есте сақтап, жауапкершілікті жоғалтпағаны жөн, – деп ой бөліседі Балқаш станциясының қызметкері Оксана Глазкова.

ПОРТЫ



ПРИОСТАНОВЛЕНА ПЕРЕВОЗКА ПАССАЖИРОВ

В морских портах Актау и Курык усилены меры безопасности. Учитывая эпидемиологическую ситуацию в стране, в портах приостановлена перевозка пассажиров, за исключением перевозящих грузы и продукты питания, а также лекарственные средства, на период с 3 до 15 апреля текущего года.

Руслан РАХМЕТОВ

– С 16 марта полностью приостановлена перевозка пассажиров через морские порты Актау и Курык, за исключением возвращаемых из-за рубежа казахстанских граждан. На сегодняшний день здесь принимаются дополнительные меры по усилению санитарно-эпидемиологических требований. Проводится дезинфекция всех прибывающих в порт грузовых автомашин, – рассказал пресс-секретарь Комитета транспорта МИИР РК

Дархан Карибаев. – В соответствии с решением акимата Мангистауской области от 1 апреля текущего года пропуск транзитных грузовых автомашин из портов будет осуществляться с сопровождением до границы.

– Приостановка перевозки пассажиров не затрагивает остальную деятельность морского порта Актау по обработке генеральных грузов. Отдельно постановлением морской администрации порта ограничен сход на берег членов экипажей иностранных судов. Прежде чем подняться на

судно, необходимо пройти дезинфицирующий барьер, антисептические емкости установлены на трапе, – отметил председатель правления АО «НК «Актауский международный морской торговый порт» Абай Турипенбаев.

